

«ПАРАСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚОСЫЛАЙЫҚ»

Облыстық мемлекеттік архивінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы – Ажибаев Айбектің қатысуымен архив қызметкері арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Департаменттің бас маманы А.Ажибаев жемқорлықпен күресудің жолдарын түсіндірді. Жемқорлық орын алған жағдайда заң органдарына хабарлап, тиісті нұсқама бойынша әрекет етудің жолын айтып, мемлекеттік қызметкерлер арасында пара бергенде және оны алғанда қатаң жазаға тартылатындығын еске салды.

Сонымен қатар бөлім басшысы С.Зейнуллаұлы сыбайлас жемқорлыққа қатысты өз ойымен бөлісті.

#архив2025

